

Л.Б. Бердыгужин^{1*}, Д.Ж. Алипова¹

¹Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті
Атырау қ., 060011, Қазақстан Республикасы

*e-mail: berdyguzhin@mail.ru

Ә.МҰҚТАР ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ӨЛКЕ ТАРИХЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Андапта.

Мақалада тарих ғылымдарының докторы, профессор Ә.Мұқтардың өлке тарихына арналған еңбектері сараланады. Қоғамдық ғылым салаларындағы жаңаша өзгерістер, соны қадамдар жасаған жекелеген қайраткерлер мен жарқын тұлғалардың орыны мен қосқан үлесін саралау, олардың еңбектеріне тиісті баға беру – маңызды міндеттердің бірі. Осы бағытта халқымыздың тарихына терең зерттеулер жүргізіп, келелі тұжырымдар айтатын тарихшы ғалымдар туралы зерттеу жүргізу абройлы іс екені анық. Қазақстанның батыс өңірі тарихын, Каспий мен Жайық бойының шежіресін ғылыми саралап жүрген өлкетанушы ғалымдар арасында, тарих ғылымдарының докторы, профессор Әбілсейіт Қапизұлы Мұқтар еңбектерінің ғылыми танымдық салмағы қомақты. Атырау өңірінде өзінің тарих мектебін қалыптастырып, республика деңгейінде күрделі зерттеулер жүргізіп «Сарайшық» тарихи мәдени музей қорығын білікті мамандармен қамтуда да біршама істер атқарды. Қазақстанның көне астанасын кешенді зерттеу ісінде де алда болып, шетелдік және отандық ғылыми басылымдарда еңбектері жарияланды. Қазақстан тарих ғылымына белгілі тұлға Ә.Мұқтар шығармашылығын, ғылыми еңбектерін жеке тұлға ретінде зерттеп тану дегеніміз – өлке тарихын ғылыми тұрғыдан терең қарастырып баяндау, тұжырымдап баға беру және тарих ғылымындағы «Ұрпақтар сабақтастығын» ғылыми пайымдау.

Негізгі сөздер: Ә.Мұқтар, тарихи өлкетану, Атырау, мұнай өндірісі, Жайық-Жем ауданы, Сарайшық.

Кіріспе.

Мұқтар Әбілсейіт Қапизұлы 1964 жылы 07 наурызда Гурьев (Атырау) облысы Махамбет ауданы Сарытоғай селосында дүниеге келген, 1981 жылы Гурьев мемлекеттік педагогикалық институтының «тарих, қоғамтану және кеңестік мемлекеттік құқық» мамандығына оқуға түсіп, 1986 жылы үздік дипломмен бітірген. Студенттік кезеңде үздік оқығаны үшін «Лениндік стипендия» алса, тарих-филология факультеті студенттерінің «Жас Қайрат» құрылыс отрядындағы еңбегі үшін 1986 жылы «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды. Ә.Мұқтар ғылыми-педагогикалық қызметінде 1987 жылы Сарытоғай орта мектебінде тарих пәні мұғалімі, 1988 жылы Гурьев педагогика институты «КСРО және жалпы тарих» кафедрасының оқытушысы, аға оқытушысы болды. 1995 жылдан Ахмет Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінде доцент, факультет деканы жұмыстарын атқарған. 2003 жылы Халел Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетіне жұмысқа ауысып факультет деканы, ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыс жөніндегі проректор қызметтерін атқарды. 2008 жылы Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде ғылыми жұмыстар проректоры болды. 2015 жылы Атырау облыстық мемлекеттік архиві директоры, 2018 жылдан «Сарайшық» республикалық музей қорығының директоры. Әбілсейіт Қапизұлы ғылыми-зерттеу саласында табысты еңбектер атқарды. 1993 жылы Абай атындағы Қазақ мемлекеттік педагогика институтының диссертациялық кеңесінде ғылым кандидаты [1], 2002 жылы Шоқан Уәлиханов атындағы «тарих және этнология институты» жанындағы диссертациялық кеңесте ғылым докторы диссертацияларын қорғады [2]. Әбілсейіт Қапизұлының ұстаздық тұлғасының қалыптасуында ұстаздары Жиенбай Бақи [3], Гиниятолла Нығмет [4], Күләш Қайырбекова [5], Ибат Қамешев [6], Амангелді Шамғонов [7], әсер етсе, ғалым ретінде танылуына, зерттеушілік жолға түсуінде көрнекті тарихшы

ғалымдар Зұлқарнай Алдамжар [8], Кеңес Нұрпейіс, Көшім Есмағамбетов [9] көп еңбек сіңірді. Қазірде Ә.Мұқтардың өз тарих мектебі бар.

Зерттеу материалдары мен әдістері.

Тарихшы-ғалымның қоғамдық, ғылыми-шығармашылық қызметіне талдау жасап, баға беру, құнды жақтарын көрсету мақсаты маңыздылығымен құнды. Себебі бұл тақырып қазіргі кезеңде күрделі болып отырған мәселенің бірі. Біріншіден, жеке адамның (бұл жағдайда тарихшының) өмірі мен қызметін бағалау, зерттеушінің алдына көптеген тарихи, философиялық, этикалық, моральдық тұрғыдағы шешуін іздейтін қиындықтарды көлденең тартатын іс әсіресе, бұл жерде үлкен өзгерістерге ұшырап, бағдарлары жаңартылып жатқан тарих ғылымының еңбеккерлері, тұлғалары туралы зерттеу жасап, еңбек жазудың жүгі басқа салаларға қарағанда ауырырақ екені сөзсіз. Екіншіден, Қазақстан тарих ғылымының ірге тасын қалаған тарихшылардың біразының аты-жөні жұртшылыққа белгісіз, көптеген тарихшылар мен олардың еңбектеріне “маркстік-лениндік” тұрғыдан жазылған деген үкімді оңай шығара салуға дайын, енжарлық пен дилетанттылықтың, салғырттықтың шекараларына жақын көңіл-күйдің бұл мәселеге мойын бұруға кедергі жасап отырғаны тағы бар. Қазақстан тарихшылары, олардың ғылыми-шығармашылық қызметіне талдау жасаған еңбектер қазірде баршылық. Олардың арасында С.Ф.Мәжитовтың көрнекті тарихшы Ермұхан Бекмаханов туралы [10], З.М.Төленованың академик Манаш Қозыбаев туралы [11], С.Есқалиев академик Бек Сүлейменов туралы [12] диссертациялық зерттеулерін және Сақенов Жігер Жұмагерейұлының «Зұлқарнай Алдамжардың өмірі мен ғылыми мұрасы» [13], Жамбылов Маркс Жамбылұлының «Хисмет Табылдиев: өмірі мен ғылыми мұрасы» атты [14] магистрлік диссертацияларын көрсетуге болады. Әбілсейіт Мұқтар туралы Атырау облыстық мемлекеттік архивінде жеке құжаттар сақталған [15].

Нәтижелер және оларды талқылау.

Қазақстанның 260 жыл бойы Ресей империясы, кейін кеңестік тоталитарлық жүйеге бағынышты болуы Қазақстан тарихының зерттелуіндегі концептуалдық тұжырымдарды ұсынған, қазақ көшпелі қоғамының формациялық табиғаты, өндірістегі капиталистік қатынастар қалыптасуындағы, дамуындағы және аграрлы елді индустриалды елге айналдырудағы орыс пролетариятының шешуші ролі, яғни ұлттық жұмысшы табы қалыптасуындағы, Кеңес үкіметі қалыптасуындағы берік әлеуметтік алғышарттардың болғандығы туралы идея үстем болды.

1990 жылдардан бастап Қазақстандағы идеологиялық және саяси жағдайдың түбірімен өзгеріске ұшырауы, тәуелсіздік негіздерінің қоғамда толық орнығып, бұл жағдай қоғамтанушы ғалымдардың маркстік-Лениндік методологиядан біртіндеп плюралистік көзқарасқа негізделген өркениеттік теорияға көшуіне жағдай жасады. Отандық тарихтың негізі болып табылатын өлке тарихы туралы тарихи тақырыптар осы кезеңнен бастап кешенді, диссертациялық зерттеулер объектісіне айналды. Сондай, іргелі мәселелердің бірегейі мұнай тарихы болатын. Ә.Мұқтар өлке тарихшысы ретінде, өз зерттеулерін «Жайық-Жем мұнайлы ауданының қалыптасып, дамуы (1920-1940жж) тақырыбында бастап, кейін осы диссертациялық ізденісін монографияға айналдырды [16].

XIX ғасырдың 60 жылдарынан бастап көмірсутегі өнімдерінің коммерциялық жолмен өндіріле бастауы, яғни мұнайдан керосин өнімінің алынып жарық беруге пайдаланыла бастауы әлемде әлі күнге дейін жалғасып келе жатқан ірі мұнай өндіруші державалардың кен орындары және өнім өткізу базарлары үшін өзара күресіне әкелді.

1870 жылдары әлемде мұнай өндіруші екі ірі ел Ресей империясы мен Америка Құрама Штаттары ғана өндіру және өткізумен айналысты. Зерттеушілер пікірінше АҚШ мұнай индустриясының дамуына 1861-1865 жылдардағы азамат соғысы ерекше әсер етіп 1870 жылы 10 қаңтарда Джон Д.Рокфеллердің «Стандарт Ойл компаниясын» яғни «өнімнің стандарттық сапасы» мағынасын беретін алғашқы кәсіпорынның құрылуына әкелді.

Ресей мұнай өнеркәсібінің дамуында 1862 жылы Америкадан керосин өнімінің Санкт-Петербургте жеткізілуі және 1876 жылы қазан айында өнеркәсіпші Людвиг Новельдің «Товарищество бр. Нобель» компаниясының Санкт-Петербургте алғашқы керосин өнімін жеткізуі ерекше әсер етті.

Көрнекті орыс саясаткері С.Ю.Витте бұл кезең туралы өз естеліктерінде; «Мирзоевтар басқаратын Баку мұнай өнімі бірнеше миллион пұт қана еді, оның өзі көтерме сауда арқылы өткізілетін. Қазіргі мұнай кәсіпшіліктері Ресейдің ірі байлығын құрап отыр» - деп көрсетті. 1898 жылы Ресей қаржы министрі С.Ю.Витте мұнай өндірісін дамыту, кен орындарын ашу мақсатында ағылшын кәсіпкерлерін тарту үшін Николай II патшаның рұқсатын алды.

Ағылшын өнеркәсіп иелерінің Ресей империясы құрамындағы Қазақстан жерлеріне келуінде осылайша жол ашылды.

Жер асты қазынасын өндірістік негізде игеріп, халық қазынасына жаратуға жергілікті халық дәрменсіз болды. Өйткені Ресей империясы құрамында бодандықта өмір кешкен Қазақстанда білім мен ғылым кенже қалды. Әсіресе, техникалық және жаратылыстану білімдері қазақ балаларына берілмеді десе де болады. Өркениетті батыстың өзінде де мұнай туралы түсінік және ғылыми ізденіс ХІХ ғасырдың екінші жартысына дейін қалыптасқан жоқ болатын. Каспий теңізінің Қазақстандық жағалауын, яғни Ембі-Жайық өзендері аралығын өндірістік негізде барлау жұмыстары Ресей үкіметінің Орынбор-Ташкент теміржолын салу жобасымен тұтас басталды. 1892 жылы Рязань-Орал темір жолы қоғамы және геологиялық Комитет Жайық-Ембі аралығының табиғи байлығын зерттеу үшін геолог С.Н.Никитиннің басшылығымен экспедиция ұйымдастырады. С.Н.Никитин алғаш рет қолмен бұрғылау арқылы барлау жұмыстарын жүргізіп, Доссорда-6, Ескенеде-1, Қарашұңгілде-5 ұңғыма қазады. Ұңғымылар тереңдігі 6-9 метр болды. Барлау мәліметтеріне қызыққан Елецк қаласының заңгер-қорғаушысы Ю.Лебедев мұнай кенін барлау үшін 1892 жылы алғашқы болып тапсырыс жасайды. Дөңгелексор, Ащықұдық, Мұнайлы, Қарашұңгілде барлау жұмыстарын жүргізген Н.Лебедев өз қаржысын тауысып, нәтиже шықпағасын өзіне рұқсат берген қағазын Петербург кәсіпкерлері Грум-Гржимайло, Деспел-Майер мұрагерлеріне және Леманға 15 362 сомға сатып жібереді.

1894 жылы мамыр айында патша үкіметі Жайық-Ембі аралығындағы барлық барланған кен орындарының жерін осы компания иелігіне береді. Компания Гурьев уезінің алты, Орал уезінің бір болысында пайдалы қазбаларды іздеу үшін үш жылға рұқсат алады. Қарашұңгілде бұрғыланған, тереңдігі 38-275 метрлік ұңғымалардың бірінен, атап айтқанда №7 ұңғымадан 1899 жылы қараша айының ортасында 40 метр тереңдіктен мұнай бұрқағы атқылады. Тәулігіне 22-25 тонна мұнай атқылаған ұңғымадан 5 мың тонна мұнай алынды. Бұл Қазақстан жеріндегі тұңғыш мұнай бұрқағы еді. Бұдан кейін мұнайлы ауданда 1911 жылы Доссор, 1915 жылы Мақат кен орындары ашылды. Ә.Мұқтар монографиясында өлкедегі азамат соғысы жылдарындағы мұнай үшін күрес толық қамтылды. Кеңестік қызыл әскер 1920 жылы 5 қаңтарда Гурьев қалашығын, ал 8 қаңтарда Ембі мұнай кәсіпшіліктерін генерал Толстовтың ақ казак әскерінен азат етті. 1920 жылы 16 мамырда өлкеге Қорғаныс Кеңесі уәкілетті өкілі Рувим Наумович Фридман келді.

Рувим Наумович Фридман 1876 жылы Вильно қаласында дүниеге келген. Ұлты – еврей. 1906 жылдан бастап мұнай шаруашылығында еңбек етуде еді. 1919 жылдың желтоқсанында Ембі мұнай кәсіпшіліктерін қалыпқа келтіру үшін басшылық жұмысқа тағайындалды. Осы жұмысты 1923 жылдың қазанына дейін атқарды. Сол жылы Р.Н.Фридман Ембіден кеткенімен, ауданды уақытша басқара берген. Ә.Мұқтар зерттеуінде көрсетілетін, өлке мұнай өндірісін шебер ұйымдастырушы келесі тұлға Яков Лаврентьев еді. 1922 жылы құрылған «Ембімұнай» тресті басқармасы, 1924-1929 жылдары Мәскеуде орналасты. 1928 жылы жергілікті басшылықты нығайту мақсатында басқарма Гурьевке көшірілді.

Міне, мекеме орталығының жергілікті жерге келуі мен Я.В.Лаврентьевтің басшылық қызметке тағайындалуы тұстас келді. 1893 жылы дүниеге келген Яков Васильевич Лаврентьев тағдыры Ембі және Ақтөбе мұнай өндірісімен байланысты.

Архив деректеріне көз салсақ, ол 1905-1907 жылдары 1-орыс революциясына белсене қатысып, Баку мұнайшы жұмысшылары арасында жасырын саяси жұмыстар жүргізген. 1911-1912 жылдарда Лаврентьевтің тікелей қатысуымен азербайжаның большевиктік бір тұтас комитеті құрылған, 1911 жылы ол мұнайшылар арасында астыртын жұмыс жүргізгені үшін тұтқынға алыныпты. Бірнеше ай түрмеде отырып шыққан оның қайтадан саяси партиялық жұмыстарын жалғастырғаны жөніндегі деректер де бар. Шаруалардың Петербургте өткен I-съезіне делегат болып қатысыпты. Закавказья атқару комитетінің құрамына Г.С.Шаумянмен бірге сайланған.

1920 жылдың бас кезінде Майкоп мұнай кәсіпшіліктерінде, кейін Перм облысындағы ірі темір жол басқармасына жетекшілік етеді.

Яков Васильевич ВКП (б) Орталық комитетінің тапсырмаларына қайда да абыроймен атқарып, аса қабілетті ұйымдастырушы екенін таныта білген. 1921 жылы тәжірибелі тау-кен жұмысшысы ретінде Азербайжанның Балахан мұнайлы ауданына басшылық жұмысқа жіберілді. Көп ұзамай Бибит-Эйбат мұнайлы ауданына басқарушы болған. Ол Азербайжан тресінде 1928 жылға дейін істеп, мұнай өнеркәсібін қалпына келтіру, социалистік жолмен қайта құруға көп еңбек сіңірді. Мамандығын жетілдіре түсу және американдық мұнай өндірудің озық тәжірибесін оқып үйрену үшін ол Америка Құрама Штаттарына 1 жылдық курста оқыды.

1929 жылы Яков Лаврентьевті КСРО отын халық комиссариаты мен ВКП (б) Орталық комитеті кеңесе отырып, Ембі мұнайлы ауданының зор болашағын дамыту мақсатымен осы ауданға басшы етіп жіберді.

Ембіге келгеннен кейін ол өндірісті өркендетумен қатар мұнайшы жұмысшылардың жұмыс жағдайын жақсартуға, тұрғын үймен, азық-түлікпен қамтамасыз етуге зор көңіл бөлді және бірінші кезекте істелетін жұмыстарды жедел белгіледі. Құрылыс материалдарының жеткіліксіздігін, Ембінің темір жол транспортынан шалғай жатқандығын, тасымал шығынының көптігін ескерген ол, жергілікті жерде қамысты құрылыс материалдарына пайдалануды іске асырды. Соның нәтижесінде Ембіде қамыстан үй тұрғызу кеңінен өріс алды. Бұл әрі арзан, әрі тиімді еді. Мұнай кәсіпшіліктерінде мамандардың жетіспейтіндігін, соның салдарынан мұнай көздерін іздестіру, кен орындарын пайдалану жұмыстарының мардымсыз жүретіндеріне жанаршылық танытты. Сондықтан маман даярлауды мықтап қолға алған еді. Қысқа мерзімді курстар ашылды, өндірістен қол ұйымдастырылды, жас жұмысшыларды тәжірибелі озат жұмысшыларды тәжірибелі озат жұмысшылардың қамқорлығына бекітіп беру жүзеге асырылды. Осының бәрі маманмен қамтамасыз ету мәселесін жеңілдету түскен еді.

Гурьевте 1930 жылғы 2 мамырда тау-кен техникумы ашылды (қазіргі политехникалық техникум). Ә.Мұқтар монографиясында техникум студенттерінің Гурьев ауданындағы жүргізген қоғамдық іс-шаралары көрсетілген. 1930 жылдары мұнайлы өлкенің өз ұл-қыздары жоғары білімді мұнайшы мамандығының иесі атана бастады.

Зерттеуші Ә.Мұқтар көрсетілген өз зерттеуінде алғашқы қазақ мұнайшы инженерлерінің тізімін төмендегіше, мейлінше дұрыс көрсете білген.

Москва, Баку тау кен Академиясында оқығандар:

1. Қалқай Берғалиұлы Берғалиев
2. Нәрен Орынбайұлы Имашев
3. Сапи Өтебайұлы Өтебаев
4. Мұқамбет Айтуарұлы Исенов
5. Мұқамбетжан Исалиев
6. Тарыбай Шаукенбаев

7. Күзенбай Баспаев
8. Жәрдем Махамбетов
9. К.М. Жүмекешов
10. В.А. Нұршанов

Москва, Баку өндірістік академиясында оқығандар:

1. С.Қ. Қарымсақов
2. А.Ильясов
3. Ә.Сүлейменов
4. С.Юсупов
5. К.Аухатов
6. А.Д. Сарғожиев
7. Х.Сариев

Ал алғаш Москва тау-кен Академиясында оқығандар:

1. Қ.И. Қалменов
2. Б.М. Атшыбаев.

Әбілсейіт Қапизұлының өлке тарихын зерттеудегі келесі зерттеуі, ол Қазақстанның батыс аймағының қазан төңкерісіне дейінгі кезеңі болатын. Қазақ тарихындағы аласапыранды кезеңдерде өмір сүріп, ел басқарған Әбілқайыр ханның ұрпақтары Нұралы, Ерәлі, Айшуақ, Бөкей, Қаратай, Жантөре, Шерғазы, Арынғазы хандардың тұлғалық еңбектерін тарихи саралаған докторлық диссертация негізінде 2001 жылы «Азаттық таңы жолында (Қазақстанның батыс өңірі 18 ғасырдың екінші жартысы және 19 ғасырдың бірінші ширегі аралығындағы тарихи жағдайлар)» атты монографиялық еңбегі жарық көрді. Монография Ресей мен Қазақстан архив қорларындағы тың материалдар негізінде жазылып қазақ хан әулетінің Қытай, Ресей, Бұқара, Хиуа елдерімен байланысы жан-жақты баяндалады.

Ә.Мұқтар зерттеуінде осы кезеңдегі азаттық қозғалыс көсемі, батыр Сырым Датов өмірнамасы да толыққанды тарихи сараланған [17]. Қазақстанның батыс аймағында қазақ хандығының өркендеуі Әбілқайыр ханнан бастау алып Бөкей Ордасының құрылуымен тығыз байланысып жатыр. Зерттеушілер пікірінше Әбілқайыр есімі тарихи әдебиеттерде 1715 жылдардан бастап кездеседі. Шежіреге сүйенсек: Жәнібек хан - оның ұлы Үсек - оның ұлы Бөлекей Қоян - оның ұлы Айшуақ - оның ұлы Ырыс - оның ұлы Қажы - оның ұлы Әбілқайыр болып келеді. Қажы сұлтан 18 ғасыр басында Түркістан қаласында билік жүргізген. Әбілқайыр билікке 1710 жылдардан бастап араласа бастаса, 1718 жылдардағы құжаттарда хан деген атақта деп көрсетіледі. Шәкәрім Құдайбердіұлының көрсетуінше Жоңғар шапқыншылығының ең ауыртпалы «ақтабан шұбырынды» кезінде Әбілқайыр өзіне бағынышты ауылдармен 1723 жылдың көктемінде Түркістаннан Жайық өзені бойына қарай қоныс аударады. Еділ өзені мен Жайық өзені арасын жайлаған батыс қалмақтарына қарсы жорық жасайды. Әбілқайырдың 40 мың қолмен Жайық бойына келуі, бұл аймақтың жағдайын түбегейлі түрде өзгертті. Қалмақ ханы Аюке қоныстарын Еділ өзеніне қарай бұрса, Қарақалпақ ауылдары Каспий теңізінен оңтүстікке қарай, ал башқұрттар Елек, Орь өзенінен жоғары қарай сытыла көшті. 1724 жылы Әбілқайыр кейін, Түркістан қаласына қарай оралмақшы болғанмен жоңғарлардың қатты қарсылығына ұшырап Жайық пен Еділ аралығына қайта оралады.

Қазақстанның батыс аймағында Әбілқайыр хандығының (кіші жүз) нығаюында Тілеуберген би, тама Есет батыр және табын Бөгенбай батырлар ерекше еңбек етеді. Әбілқайыр ханның тарихи тұлғасы зерттеушілер Ирина Ерофеева, Жаңабек Жақсығалиев еңбектерінде жан-жақты талданған, бұл бағыттағы Ә.Мұқтар зерттеулері де өте қомақты. Әбілқайырды көптеген зерттеушілер қазақтарды Ресей бодандығына қосқан хан ретінде жазғырса, Әбілқайыр ғұмырнамасын жан-жақты таразылаушылар, оның терең сауаттылығын, әскери талантын, ақсүйектік хан әулеті қағидасына адалдығын ғылыми мойындап төмендегідей қорытынды жасайды.

Әбілқайыр 1730 жылдары Ресеймен жақындасуы, біріншіден орыс қаруы арқылы жоңғарларды жеңу, екінші орыс көмегімен бүкіл қазақ даласына билік жүргізу, үшінші көршілес Хиуа хандығы мен башқұрттарды қазақ хандығына қосу еді. Бұл жоспар орындалған жағдайда біртұтас, мықты мемлекет құрылуы да ықтимал болатын. Ал, орыс саясаткерлері оның бұл ойын түсініп, қарсы болғанда Әбілқайыр орыстардан теріс айналып жоңғар билеушілерімен (өзінің қызын жоңғар қантойшысы Цеван Доржыға береді) және орта азия хандықтарымен байланыс орнатады.

1748 жылы тамыз айында Әбілқайыр хан байқаусызда Барақ сұлтан әскері қолынан қаза табады. Қазақ салтында ханды өлтіру үлкен қылмыс болғандықтан билер соты мәселені терең тексеріп Барақ сұлтанға 2 мың қой есебінде құн салады. (Әбілқайыр хан жасауылдарының Барақ сұлтан қалыңдығына арналған керуенді тонау ісі ашылады). Әбілқайырдың үш ұлы: Нұралы, Ералы, Айшуақ және тоғыз немересі: Есім, Пірәлі, Жантөре, Серғазы, Бөкей, Қаратай, Сығай, Бөлекей, Темір, бес шөбересі: Қасым, Маты, Жәңгір, Қайыпқали, Сауқым болған.

1748 жылы хан болып Нұралы сайланады. Оны осы лауазымға Ресей патшасы 1749 жылы бекітеді. Нұралы өз саясатын тікелей орыс отаршыл әкімшілігі ықпалымен жүргізеді. Башқұрт шаруалары толқуы және Пугачев көтерілісі кезінде орыс әскерін қолдайды. Сондықтан осы жылдары Қазақстанның батыс аймағына башқұрттардың барымтасы күшейе түседі.

1786 жылы Сырым Датұлы қозғалысының басталу кезінде, халық толқуынан сескеніп Орск бекінісін паналайды. 1786-1790 жылдары орыс отаршыл әкімшілігі шешімімен Уфаға жіберіледі және осы жылдары хандық билік орны бос тұрады. Ресей патша әкімшілігінен Нұралы ханды орнына қайтаруды сұрап, орта жүз ханы Уәли, сұлтан Құдайменде және бұрынғы Әбілқайыр хан жақтастары өтінгенмен талаптары орындалмай Нұралы 1790 жылы Уфада қайтыс болады. Оның 40 ұлы және 30 қызы болған (А.И.Левшиннің көрсетуі бойынша).

1791-1794 жылдары Әбілқайырдың екінші ұлы Ералы хандық билік жүргізді. 1794-1797 жылдары Нұралының ұлы Есім хандық билік жүргізіп, 1797 жылы Сырым Датұлы көтерілісшілері қолынан қаза тапты. 1797-1805 жылдары Әбілқайырдың ұлы Айшуақ хан болды. Бұл кезеңді, осы жылдары Орынбор шекара комиссиясын басқарған Генс «өте ауыр, революциялық толқулар кезеңі» деп бағалаған. Айшуақ жасының үлкеюіне және денсаулығына байланысты хандықты 1805 жылы тапсырып, 1810 жылы қайтыс болады.

1805 жылы 03 қыркүйекте Орынборға жақын жерде хандық лауазымға Айшуақтың ұлы Жантөре сайланады. Бұған хандық биліктен дәмелі Қаратай сұлтан қарсы болып, 1806 жылы Қобда өзені бойында ру старшындары жиынында өзін хан деп жариялайды. Орыс отаршыл әкімшілігінен қолдау ала алмаған Қаратай 1809 жылы 02 қарашада Мергеневск форпосы маңындағы хан ауылына шабуыл жасап Жантөре ханды өлтіреді. Орынбор шекара комиссиясы есебінше әкімшілікке 36 363 сом ақша шығын келтіреді. Орынбор генерал-губернаторы хандық билікке 1812 жылы Айшуақтың ұлы Шерғазыны хан етіп бекітеді. Міне, осы уақыттан бастап Шерғазы мен Қаратай арасындағы ағайын-араздық, өштесу үлкен соғыс өртіне ұласады.

Орынбор губернаторы П.К.Эссен араласуымен соғыс біршама басылып, жергілікті ру старшындары Батыр сұлтанның шөбересі Арынғазыны хандық билікке итермелейді. Ресей әкімшілігі қолдаған Арынғазы 1816-1821 жылдары хандық билік жүргізеді. Қаратай хандықтың батыс бөлігін басқарушы сұлтан лауазымына бекітіледі. Арынғазының басты мақсаты қазақтарды Хиуа хандығы қол астынан босату үшін күрес болды. Осы күресте бауырлары қаза болып, шешесі мен қарындастары хиуалықтар қамауына түсті. Хиуалықтарға қарсы күресте орыстарға сенген Арынғазы, Петерборға шақырылып, сол жерден Калуга қаласына жер аударылып 1833 жылы қайтыс болды. Осы кезеңде орданың заңды ханы Шерғазы 1824 жылы Орынборға шақырылып Қазақстанның батыс аймағында

хандық билік жойылды. Хандық территориясы үшке бөлінді: бірінші – Батыс бөлік (Елек және Темір өзендерінің батысынан Арал теңізіне дейін), екінші – Орта бөлік (Тобыл, Тоғызак және Аят өзендерінің бойлары), үшінші – Шығыс бөлік (Сырдария өзенінен солтүстік шығысқа қарай). Қазақстанның батыс аймағындағы хандық билік тарихында Бөкей немесе Ішкі қазақ ордасының орны ерекше.

18 ғасыр соңы мен 19 ғасыр басындағы хандық билік үшін күресте, өзінше бөлек жолтаңдаған Нұралы ханның ұлы Бөкей сұлтан 1797 жылы Орынбор губернаторы, барон Игельстромнан Жайық пен Еділ өзендері аралығына көшіп-қону үшін рұхсат алады. Кейін, Жайық пен Еділ өзендері аралығына шекара бақылауын жасайтын Астрахан казак-орыс әскері атаманы П.С. Поповпен етене жақындасып, сол арқылы 1801 жылы 11 наурызда Ресей патшасы Павел 1-ші Бөкей сұлтанға Жайық пен Еділ өзендері аралығын қоныстануға рұхсат берген жарлық шығарды. Бөкей сұлтанның Жайық пен Еділ өзендері аралығына заңды түрдегі көші 1801 жылы 20 желтоқсанда болды. Желтоқсанның ызғарлы күні көшті бастаған Бөкей сұлтанмен бірге, 183 түтін, яғни 740 адам және мал-мүліктен 24 түйе, 1366 бас ірі қара 3300 жылқы, 102 500 қой малдары Жайық өзенінен өткізілді. Көшті қадағалау Астрахан казак-орыс әскері жүз басы В.Ф.Скворцовқа (1818-1822 жылдары Астрахан казак-орыс әскері атаманы) міндеттелді. Бөкей ордасының саяси-құқықтық мәртебесі 1812 жылы нақтыланып, осы жылы Бөкей Орал қаласында хандық билікке салтанатпен отырғызылды. 1815 жылы Бөкей қайтыс болғасын оның орнына, баласы Жәңгір кәмелетке толғанша Шығай Нұралыұлы, 1823-1845 жылдары Жәңгір Бөкейұлы хандық билік жүргізді [18].

Бөкей ордасы мен оны басқарған хандардың тарихи тұлғалары туралы Қазақстан тарихнамасы өте бай. Олардан тағылым аларлық деректер де баршылық. Жалпы Қазақ хандығы тарихында Қазақстанның батыс аймағында қалыптасып, өркендеген Әбілқайыр хан мен оның ұрпақтарының биліктері ерекше мәнге ие. Бұл, Тәуелсіз еліміздің заңды тарихи шекарасының қалыптасуында ғана емес, халқымыздың қайталанбас ұлттық этникалық құрамының да қалыптасуында деп білуіміз керек.

Докторлық диссертациядан кейін де Ә.Мұқтар Каспий-Атырау өңірі тарихымен, Отан тарихының ақтаңдақ беттерімен гранттық қаржыландыру бағытында кешенді айналыса бастады. 2006-2008 жылдары «Қазақстандық Каспий: тарихы, орны, саяси маңызы», 2008-2010 жылдары «Батыс Қазақстан өлкесіндегі миграция мәселелері», 2018-2020 жылдары «Қазақ Хандығы құрылымындағы билер, батырлар, тархандар, жасауылдар, қожалар институттары: олардың қызметі және жойылуы (XV-XIX ғ.)» тақырыбындағы зерттеулері соның дәлелі. 2020 жылы Атырау облысының 80 жылдығына арналған «Біріншілер» атты монографиясы жарық көрді. Зерттеу еңбекте мол архив деректері арқылы 1938-2019 жылдар аралығында Атырау облысын басқарған қайраткер тұлғалардың өмірнаамасы сараланған.

Қорытынды.

Әбілсейіт Мұқтар өзінің ғылыми-педагогикалық қызметінде Қазақстанның батыс өңірі үшін жоғары білікті кадрлардың дайындалуына да көп үлес қосты. Махамбет Өтемісұлы атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті жанындағы тарих ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін қорғайтын диссертациялық кеңесте жемісті еңбек етті. Осы кезеңде Атыраулық тарихшы ғалымдары Хисмет Табылдиев [19], Үркенбай Қыдыралин [20], Алдар Сарсенов [21] диссертациялық кеңес жұмысында да өлке тарихының «ақтаңдақ» беттерінің шынайы жазылуына үлкен мән берді.

Жалпы алғанда, тәуелсіздік жылдары тарих ғылымы мен оның дамуы үшін қыруар істер атқарылды. Атап айтқанда, жаңа институттар, ғылыми орталықтар ашылды, тарихшы ғалымдардың жаңа буыны жетілді, ғылыми көзқарас тоталитарлық бұғаудан босағандай болды. Тарихты зерттеуде жаңа методологиялық әдістер дайындалды. Сонымен қатар, қазіргі таңда тарих ғылымының алдында өз шешімін табудағы жаңа тәсілдерді, тарихи үрдістің қайта талқылануы мен жаңа тарихи көзқарастың қалыптасуын қажет етіп отырған

айтулы мәселелер түр. Тәуелсіздік алғаннан бергі тарих ғылымының жай-күйіне талдау жасау, тарихты зерттеудегі жаңа методологиялық әдістерді жасап шығару, қазақстандықтардың патриоттық және азаматтық түсінігін қалыптастырудағы тарих ғылымының маңызын насихаттау, міне басты мақсаттар осы.

Ә.Мұқтардың өзі тәрбилеген шәкірттері де, қазір ғылым жолында жүр. Олар: Ү.Х. Идрисова. Бақытжан Қаратаевтың өмірі мен қызметі (1870-1934 ж.ж.), Қ.Сүндетұлы. Қазақстанның батыс өлкесіндегі баспасөздің дамуы (1917-1940 жж.), С.С. Исмаилов. Казахи Южного Урала: социально-экономические и историко-культурные проблемы (1917 – 1940 г.г.), Н.Сармурзина. Астрахан қазақтарының әлеуметтік-экономикалық, мәдени даму тарихы (1917-1940 жж.), Ә.И. Исенов. Қазақ қоғамындағы тархандар институты тарихы (XVIII – XIX ғғ.), Ж.А. Шауқенов. Социально-экономическое и культурное развитие малых городов Казахстана (на примере г.Аркалыка (1956-2006 гг.)), Г.Қайрғалиева. Батырлар институты және оның дәстүрлі қазақ қоғамындағы орны (Бөкенбай батыр және оның әулетінің негізінде) диссертацияларын көрсетуге болады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- 1 Төлепбергенов Т.Т., Бердіғожин Л.Б. Өлке мұнай өнеркәсібінің дамуы. — Атырау. — 2013. — 6 б.
- 2 Мұқтар Ә.Қ. Қазақстанның батыс өңіріндегі қоғамдық-саяси өмір (XVIII ғ. II жартысы – XIX ғ. бірінші ширегі). Тарих ғылымдарының докторы диссертациясының авторефераты. — Алматы. — 2002. — 40 б.
- 3 Атырау арыстары. Бақи Жиенбай Базарбайұлы. — «ASU Press» баспа орталығы. — Атырау. — 2024. — 300 б.
- 4 Студенттер жүрегінен жол тапқан ұстаз. Финиятолла Нығмет туралы естеліктер. — Атырау. — 2014. — 76 б.
- 5 Қалдырған ізін мәңгілік. Күләш Қайырбекова туралы естеліктер. — Атырау. — 2009. — 84 б.
- 6 Өнегелі өмір. Ибат Қамешев туралы естеліктер. — Атырау. — 2004. — 26 б.
- 7 Шамғонов А. Ата-мекен тарихи-өлкетану үйірмесі. — Атырау. — 2010. — 47 б.
- 8 Зұлқарнай Алдамжар: Еске алу кітабы. — Алматы: — 2007. — 228 б.
- 9 Есмағамбетов Көшім Лекерұлы. Библиография. — Алматы: — 2014. — 144 б.
- 10 Мажитов С.Ф. Проблемы истории Казахстана второй половины XIX - начала XX вв. в трудах Е.Б. Бекмаханова: Автореф. дис. канд. истор. наук. — Алматы. — 1992. — 29 с.
- 11 Төлөнова З.М. Академик М.Қозыбаев: өмірі, қоғамдық қызметі мен ғылыми мұрасы. Тар.ғыл.кан. дисс.авторефераты. — Алматы. — 2005. — 34 б.
- 12 Есқалиев С. Академик Б.Сүлейменовтың өмірі мен ғылыми мұрасы. Тар.ғыл. кандидат. диссер. авторефераты. — Алматы. — 2000. — 28 б.
- 13 Сәкенов Ж.Ж. Зұлқарнай Алдамжар өмірі мен ғылыми мұрасы. Педагогика ғылымдарының магистрі академиялық дәрежесін алу үшін жазылған магистрлік диссертация авторефераты. — Атырау. — 2014. — 18 б.
- 14 Жамбылов М.Ж. Хисмет Табылдиев өмірі мен ғылыми мұрасы. Педагогика ғылымдарының магистрі академиялық дәрежесін алу үшін жазылған магистрлік диссертация авторефераты. — Атырау. — 2014. — 18 б.
- 15 Атырау облыстық мемлекеттік архиві. 238-қор, 3-тізім, 84-іс.
- 16 Мұқтар Ә. Қазақ мұнайының тарихы. — Атырау. — 2004. — 188 б.
- 17 Мұқтар Ә.Қ. Азаттық таңы жолында. тар.ғыл.док.дәрежесін алу үшін жазылған монография. — Алматы. — 2001. — 257 б.
- 18 Мұқтар Ә.Қ. Біріншілер. — Алматы. — 2020. — 328 б.
- 19 Хисмет Табылдиев. Өнегелі өмір сериясы. — Алматы. — 2020. — 339 б.
- 20 Қыдыралин Ү.С. Тарихи тамырға қайта оралу. — Атырау. — 2014. — 5 б.
- 21 Сарсенов А.С. Қазақстан ауыл-селосындағы интеллектуальдық әлеуеттің қалыптасуы мен этномәдени дамуының тарихи тәжірибесі (1946-1991жж). тар.ғыл.докторы диссер.авторефераты. — Орал. — 2008. — 40 б.

ПРОБЛЕМЫ ИСТОРИИ КРАЯ В ТВОРЧЕСТВЕ А.МУКТАРА

Аннотация.

В статье выделяются труды доктора исторических наук, профессора Муктара по истории края. Одной из важнейших задач является выделение места и вклада отдельных деятелей и ярких личностей, внесших новые изменения в области социальных наук, и дать соответствующую оценку своим работам. В этом направлении понятно, что престижно проводить исследования историков, которые проводят глубокие исследования истории нашего народа и приходят к следующим значительным выводам. А.Муктар сформировал собственную историческую школу в Атырауской области, провел комплексные исследования на уровне республики, провёл большую работу по обеспечению историко-культурного музея-заповедника «Сарайчик» квалифицированными специалистами. Он возглавляет комплексные исследования древней столицы Казахстана, его работы опубликованы в зарубежных и отечественных научных изданиях.

Изучение творчества и научных трудов А.Муктара, известного человека в истории Казахстана, как личности означает глубокое рассмотрение истории региона с научной точки зрения, вывод и научную оценку «преемственности поколений» в исторической науке.

Ключевые слова: А.Муктар, историческая наука, Атырау, нефтедобыча, Урало-Эмбенский район, Сарайшик.

PROBLEMS OF THE HISTORY OF THE REGION IN THE WORKS OF A.MUKTAR

Abstract.

The article highlights the works of Doctor of Historical Sciences, Professor A. Muktar on the history of the region. One of the most important tasks is to highlight the place and contribution of individual figures and outstanding personalities who have made new changes in the field of social sciences, and to give an appropriate assessment of their works. In this direction, it is clear that it is prestigious to conduct research by historians who conduct deep research into the history of our people and come to the following significant conclusions. A. Muktar formed his own historical school in the Atyrau region, conducted comprehensive research at the republican level, and did a lot of work to provide the historical and cultural museum-reserve “Saraichik” with qualified specialists. He heads comprehensive studies of the ancient capital of Kazakhstan, his works have been published in foreign and domestic scientific publications.

Studying the creativity and scientific works of A. Muktar, a famous person in the history of Kazakhstan, as a person means a deep consideration of the history of the region from a scientific point of view, a conclusion and scientific assessment of the “continuity of generations” in historical science.

Key words: A.Muktar, historical local history, Atyrau, oil production, Ural-Embensky district, Saraishik.

REFERENCES

- 1 Tölepbergenov T.T., Berdiğojin L.B. Ölke münai önerkäsibiniñ damuy [Development of the oil industry in the region]. Atyrau. 2013. 6 p. [in Kazakh]
- 2 Mūqtar Ä.Q. Qazaqstannyñ batys öñirindegi qoғamdyq-saiasi ömir (XVIII ғ. II jartysy – XIX ғ. birinşi şiregi) [Social and political life in the western region of Kazakhstan (second half of the 18th - first quarter of the 19th century)]. Tarih ғылымдарының докторы дисертациясының авторефераты. Almaty. 2002. 40 p. [in Kazakh]
- 3 Atyrau arystary. Baqı Jienbai Bazarbaiұly. «ASU Press» баспа орталығы. Atyrau. 2024. 300 p. [in Kazakh]
- 4 Studentter jüreginen jol tapqan ūstaz. Ğiniatolla Nyğmet turaly estelikter [The teacher who found the way to the hearts of students. Memories of Giniyatolla Nigmat]. Atyrau. 2014. 76 p. [in Kazakh]
- 5 Qaldyrған ızıñ мәñgilik. Külәş Qaiyrbekova turaly estelikter [The traces you left are eternal. Memories of Kulyash Kairbekova]. Atyrau. 2009. 84 p. [in Kazakh]
- 6 Önegeli ömir. İbat Qameşev turaly estelikter [Memories of İbat Kameshev]. Atyrau. 2004. 26 p. [in Kazakh]
- 7 Şamğonov A. Ata-meken tarihi-ölketanu üirmesı [Historical and local history circle]. Atyrau. 2010. 47 p. [in Kazakh]
- 8 Zülqarnai Aldamjar: Eske alu kıtaby [Book of Memory]. Almaty. 2007. 228 p. [in Kazakh]
- 9 Esmagambetov Köşim Lekeruly. Bibliografıa [Esmagambetov Koshim Lekeruly. Biobibliography]. Almaty. 2014. 144 p. [in Kazakh]
- 10 Mazhitov S.F. Problemy istorii Kazakhstana vtoroi poloviny XIX - nachala XX vv. v trudakh E.B. Bekmahanova [Problems of the history of Kazakhstan in the second half of the 19th - early 20th centuries. in the works of E.B. Bekmahanova]. Avto-ref. dis. kand. istor. nauk. Almaty. 1992. 29 p. [in Russian]

- 11 Tölenova Z.M. Akademik M.Qozybaev: ömiri, qoғamdyq qyzmeti men ғылыми mұрасы [*Academician M.Kozybaev: his life and scientific heritage*]. Tar. ғыl. kan. diss. avtoreferaty. Almaty. 2005. 34 p. [in Kazakh]
- 12 Esqaliev S. Akademik B.Süleimenovtyñ ömiri men ғылыми mұрасы [*Life and scientific heritage of academician B. Suleimenov*]. Tar.ғыl.kandid.diser.avtoreferaty. Almaty. 2000. 28 p. [in Kazakh]
- 13 Säkenov J.J. Zülqarnai Aldamjar ömiri men ғылыми mұрасы [*Life and scientific heritage of Zulharnai Aldamzhara*]. Pedagogika ғылымдарыnyñ magistři akademialyq дәrejesin alu üşin jazylğan magistrлік disertasia avtoreferaty. Atyrau. 2014. 18 p. [in Kazakh]
- 14 Jambylov M.J. Hismet Tabyldiev ömiri men ғылыми mұрасы [*Life and scientific heritage of Khismet Tabyldiev*]. Pedagogika ғылымдарыnyñ magistři akademialyq дәrejesin alu üşin jazylğan magistrлік disertasia avtoreferaty. Atyrau. 2014. 18 p. [in Kazakh]
- 15 Atyrau oblystyq memlekettik arhivi [*Atyrau regional state archive*]. 238-qor, 3-tızım, 84-ıs. [in Kazakh]
- 16 Mūqtar Ä. Qazaq mūnaiynyñ tarihy [*History of Kazakh oil*]. Atyrau. 2004. 188 p. [in Kazakh]
- 17 Mūqtar Ä.Q. Azattyq tañy jolynda [*Na puti k zare freedom*]. (tar.ғыl.dok.dәrejesin alu üşin jazylğan monografiya). Almaty. 2001. 257 p. [in Kazakh]
- 18 Mūqtar Ä.Q. Bırınşılar [*First*]. Almaty. 2020. 328 p. [in Kazakh]
- 19 Hismet Tabyldiev [*Hismet Tabyldiev*]. Önegeli ömir seriasy. Almaty. 2020. 339 p. [in Kazakh]
- 20 Qydyralin Ü.S. Tarihi tamyrğa qaita oralu [*Return to historical roots*]. Atyrau. 24 şilde. 2014. 5 p. [in Kazakh]
- 21 Sarsenov A.S. Qazaqstan auyl-selosyndaғы intellektuäldyq äleuettiñ qalyptasuy men etnomädeni damuynyñ tarihi täjiribesi (1946-1991jj) [*Historical experience of formation of intellectual potential and ethno-cultural development in rural areas of Kazakhstan (1146-1991)*]. tar.ғыl.doktory diser.avtoreferaty. Oral. 2008. 40 p. [in Kazakh]

Information about authors:

Leskaliy Berdyguzhin – **corresponding author**, doctor of historical sciences, associate professor of the Departments “History of Kazakhstan and World History” Kh.Dosmukhamedov Atyrau University, Atyrau, Republic of Kazakhstan

E-mail: berdyguzhin@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-5748-227X>

Dana Alipova – master, senior lecturer of the Departments “History of Kazakhstan and World History” Kh.Dosmukhamedov Atyrau University, Atyrau, Republic of Kazakhstan

E-mail: alipova.d@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-9342-4133>

Информация об авторе:

Лескалий Бердыгужин – **основной автор**, доктор исторических наук, ассоциированный профессор кафедры «История Казахстана и всемирная история», Атырауский университет имени Х.Досмухамедова, г.Атырау, Республика Казахстан

E-mail: berdyguzhin@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-5748-227X>

Дана Алипова – магистр, старший преподаватель кафедры «История Казахстана и всемирная история», Атырауский университет имени Х.Досмухамедова, г.Атырау, Республика Казахстан

E-mail: alipova.d@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-9342-4133>

Авторлар туралы ақпарат:

Лескалий Бердыгужин – **негізгі автор**, тарих ғылымдарының докторы, «Қазақстан және дүниежүзі тарихы» кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Х.Досмухамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: berdyguzhin@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-5748-227X>

Дана Алипова – магистр, аға оқытушы «Қазақстан және дүниежүзі тарихы» кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Х.Досмухамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: alipova.d@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-9342-4133>